


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Университет «Мирас»



«Бекітемін»
Президент Мырзалиев М.Б.
«28» 08 2015 г.

«Мирас» университеті студентінің ар-намыс кодексі

Шымкент 2015



«Мирас» университеті студентінің ар-намыс кодексі

Мирас университетінің студенттері мен магистранттары жоғары білім жүйесінің басты мақсатын – дүниетанымдық әлеуетке, креативті ойлау қабілеттеріне ие, мамандығы бойынша орнықты құзіреттерді игерген кәсіби және мәдени бағытталған жеке тұлғаны дайындауды іске асыруға жауапкершілігін түсіне отырып және корпоративтік басқару қағидаларын нығайтуды және дамытуды өзінің борышы деп санай отырып, студенттің осы Ар-намыс кодексін қабылдайды және оны бұлжытпай қадағалауға міндеттенеді.

1. Жалпы ережелер

Осы Кодекс кредиттік технологиясын енгізу тұрғысынан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру, жоғары оқу орындарында оқу процесінде студенттің мінез-құлқы үшін бірыңғай талаптарды белгілейді.

1.1. Студенттер мен магистранттар Мирас университетінің басты Миссиясын қолдайды:

«Қолжетімді білім сапалы өмір үшін»

1.2. Университет миссиясы негізінде, студенттер өз алдына келесі міндеттерді қояды:

- Талап етілетін маманы болу;
- Елдің мәдени, әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне лайықты қатысу.
- Университет беделін қорғау және арттыру.

2. Студенттер тәртібінің осы Кодексте бекітілген әдеп нормалары мен қағидаларына сәйкес келуі:

2.1. Өзара сыйластық. Студент профессорлық-оқытушылар құрамының, қызметкерлердің, өзге студенттердің өзара сыпайылық және сыйластыққағидаларын сақтауы тиіс.

2.2. Тұтастық. Білім беру процесінің кестесін қатаң сақтау. Білім беру бағдарламалары және оқу жоспарында қарастырылғандай берілген тапсырмаларды уақытылы орындау, міндетті оқу сабақтарына қатысу.

2.3. Тәртіптілік. Студент тәртіпті болып, дұрыс киінуі тиіс. Университет студенттері бөтен адамның мүлкін ұрлау, университетке мас күйде келу, спирттік ішімдіктер пайдалану, ғимаратта, ғимараттың кіре берісінде темекі шегу сияқты іс-әрекеттерге жол бермеуі тиіс. Оқу корпусында оқу үдерісіне кедергі келтіретін қатты әңгімелерге, айқай – шуға және басқа да әрекеттерге тыйым салынады.

2.4. Ұқыптылық. Сабақ басталып кеткеннен кейін студенттердің аудиторияға кіруі үзіліске дейін тыйым салынады. Сабақ барысында аудиторияға кіру және шығу қолайсыз болып табылады.

2.5. Белсенділік. Студент университеттің оқу, қоғамдық және спорт өмірінде белсенді қатысуға тиіс.

2.6. Ұстамдылық. Мүлікті абайлап және ақырын қолдану:

Ғимараттарға, жиһаздарға және басқа да оқу корпусының жабдықтарына, лабораториялар, жатақханаға нұқсан келтірмеу, стүлдерге және басқа да жерлерге жазып, сызбау; Студент кітапхана қорына абайлап қолдануға міндетті.

2.7. Жауапкершілік. Университет қағидаларына сәйкес, студенттің белгілі құқықтары мен міндеттері бар, осы Кодекстің қағидалары мен нормаларын сақтауға дербес жауап береді.

3. Студенттің оқытушылар мен университет басшылығымен қарым – қатынасы

3.1. Студент белгіленген тәртіп бойынша білім беру және қоғамдық іс-шаралар бойынша басшылыққа жүгіне алады.

3.2. Студент этика ережелерін сақтауға тиіс. Адалдық және әдептілік жету үшін сенім артады.

4. Университет студенттері арасындағы қарым – қатынас

4.1. Университет студенттерінің арасындағы қарым-қатынас өзара қарым-қатынас, сенім, ынтымақтастық, өзара түсіністік пен ынтымақтастықтан құралады

4.2. Студент басқа студенттерге қарағанда мұқият және әдепті болуы тиіс, студенттердің бір-бірімен әңгімесі барысында басқа студенттердің кәсіби немесе адами қасиеттерін қоғамдық сынға алуға рұқсат етілмейді.

5. Университетте оқитын әрбір студент құқылы:

5.1. Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;

5.2. Мемлекеттік және орыс тілінде сөйлеуге;

5.3. ЖОО кітапханасы, ақпараттық қорларды, оқу, ғылыми, емдік және басқа да қызметтерді қолдануға;

5.4. Іс-шараларды, ЖОО тәрбие жұмысы ішінде ұйымдастырылған немесе студенттік демалыстарға қатысуға;

5.5. Моральдық немесе материалдық көтермелеулер және сыйақылар алуға, соның ішінде атаулы, шәкіртақыларға (ЖОО президентінің және т.б.) ұсынылуға;

5.6. Азамат, жеке тұлға, оқу процесінің субъектісі ретінде өзін-өзі құрметтеуге;

5.7. Заңнамалық актілер, ЖОО оқытуды реттейтін, сондай-ақ белгілі бір нормативтік ережелерін түсіндіру туралы хабардар болуға;

5.8. Кез келген дәрежедегі білім беру процесіне қатысушылардың заңсыз әрекеттері жағдайда заңды (құқықтық) қорғауды алуға;

5.9. Университеттің оқу кеңесінің құрамына, студенттік өзін-өзі басқару органдарына сайлау және сайлануға;

5.10. Білім беру процесінің, демалыс және күнделікті өмірді жақсартуға қатысуға;

5.11. Оқу-тәрбие үдірісіндегі бұзушылық фактілері туралы ақпаратты беру кезінде құпиялылығын сақтауға (студенттің өтініші бойынша);

5.12. Жұмысқа орналасу және еңбек нарығының қажеттіліктері туралы қолда бар ақпаратты алуға;

5.13. Студенттік өзін – өзі басқару органдарын және студенттік қоғамдық ұйымдарды

құруға;

5.14. Сайлауға және факультетті басқару органдарына, институт және ЖОО басқа да бөлімшелеріне сайлануға.

6. Университетте оқитын әрбір студент міндетті:

6.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білу және оларға құрметпен қарауға;

6.2. Оқуға жауаптылықпен қаару – студенттің басты міндеті;

6.3. Университет жарғысын, Мирас университеті студентінің ар-намыс кодексін, бұйрықтарды және басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарды, тәртіптік-білім беру үдірісін реттейтін процесстерді білуге және сақтауға;

6.4. Мінез-құлықта ықтимал физикалық зорлық-зомбылық актілерді немесе бірі біріне қауіп-қатерді, бір-біріне дөрекілік таныту және балағаттауды, ЖОО және де басқалардың мүлкін ұрлауды, басқыншылық немесе бұзықшылық іс-әрекеттерді болдырмауға (дөрекі мінез-құлық, айғайлау, түкіруге, былапыт және т.б.);

6.5. Студенттің академиялық шындығын сақтауға;

6.6. Университетте әлеуметтік - мәдени және жеке дамуға қолжетімділікті барынша қолдануға, қоғамдық өміріне белсенді араласуға;

6.7. Оқу пәндерін сақтау, кешікпей сабақтарға қатысуға;

6.8. Лайықты тәртібімен, оқуымен және қоғамдықжетістіктерімен жоғары оқу орнының абыройын нығайтуға;

6.9. Университеттің дәстүрлерін құрметтеуге, оларды саналы түрде сақтауға, құндылықпен сақтап, студенттердің кейінгі ұрпағына табыстауға;

6.10. Ұлттық алауыздық көріністеріне, адам құқығын бұзатын экстремистік қозғалыстар мен іс-әрекеттерге жол бермеуге;

6.11. Салауатты өмір салтын ұстануға.

7.Қорытынды

7.1. Студенттің осы Ар-намыс кодексінің ережелері мен нормаларын, оқыту нысанына қарамастан, университеттің барлық студенттері мен магистранттары қолдануға және сақтауға міндетті. Олар Республиканың мәдени, қоғамдық, экономикалық және саяси өміріне лайықты ат салысуға қабілетті біліктілігі жоғары мамандарды мамандардықалыптастыруға бағытталған.

7.2. Қағидалар мен жеке жауапкершілікке сәйкес, университет басшылығы осы Кодекс нормаларын бұзған студентке қатысты келесі жазаларды қолдануға құқылы:

- Ескерту;
- Ескертпе;
- Университеттен шығару.